Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.29. N 1150

Қ а у л ы с ы м е н .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: ұзындығы 3982 км су жолдары учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 2838 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; 55 мың текше м. көлемінде түзету жұмыстары; 10700 тонна көлемінде түбін тазалау жұмыстары; 188 текше км. көлемінде тазалау жұмыстар; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерін ұстау және ағымдағы жөндеу; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерінің авариясыз жұмысын қамтамасыз ету және терроризмге қарсы іс-шаралар жүргізу; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерін қорғау жабдықтарымен жарақтау іс - ш а р а л а р ; Шульба шлюздерін пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның ескертулерін жою бойынша іс шаралар;

Ертіс, Қара Ертіс, Жайық, Іле өзендері және Қапшағай су қоймасының ұзындығы 1249 км учаскелерінде арналық жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізу; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 92 бірлік; орташа жөндеу 22 бірлік; негізгі құралдарды сатып алу "Нива" автомобилі - 2 бірлік; дәнекерлеу трансформаторы - 1 жиынтық; жылжымалы дәнекерлеу агрегаты - 1 жиынтық; құтқару шеңбері - 4 дана; навигациялық жабдық - 8 дана; радиостанция - 4 дана; мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту бойынша, соның ішінде:

жа б д ы қ ф л о т ы (3 б і р л і к);
к а р ч е к р а н (1 б і р л і к);
ж ү з у к р а н ы (1 б і р л і к);
қ о с а л қ ы ф л о т ы (1 б і р л і к);
жоспарлау, дайындық жұмыстары және құрылысты бастау (1 этапы) жер караваны құрамында: өздігінен жүрмейтін жерснаряды (1 бірлік), мотозовозня (1 бірлік), қосалқы ф л о т (4 б і р л і к) .

С о ң ғ ы н ә т и ж е :

кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты авариялық жағдайлар санының төмендеуі; кеме қатынасы су жолдарын қанағаттанарлықсыз күтіп ұстауға а р ы з д а р д ы ң б о л м а у ы .

Қаржы-экономикалық тиімділігі:

су жолдарының кеме қатынасы жағдайында болуын қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау жөніндегі шығын 1 км-ге - 303,3 мың теңге;
Өскемен шлюзін күтіп ұстау шығыны - 148 393 мың теңге;
Бұқтырма шлюзін күтіп ұстау шығыны - 163 707 мың теңге;
Шулба шлюзін күтіп ұстау шығыны - 168 736 мың теңге.

С а п а с ы ж әне у а қ т ы л ы ғ ы :

алдыңғы жылға қарағанда тасымалданатын жүк көлемінің 40 % өсуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

174-ҚОСЫМША

215-ң Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылғы арналған

"Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту"

деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 4831542 мың теңге (төрт миллиард сегіз жүз отыз бір миллион бес жүз қырық екі мың теңге) .

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы" 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 377 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 632 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : әуежайлар инфрақұрылымы объектілерін д а м ы т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық талаптармен сәйкестікке келтіру үшін Қазақстан Республикасы әуежайларының жердегі инфрақұрылым объектілерін жаңғырту және дамытуды жүзеге а с ы р у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдар лама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту			
2		005	Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру	Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес сомалар шегінде әуе көлігі инфрақұрылымын дамытуға бағытталған мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру: 1) Ақтөбе халықаралық әуежайын қайта жаңарту. Аэровокзал. (Қазақстан	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасының Көлік және

			<p>Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 186-ЖІЖ бұйрығы);</p> <p>2) Шымкент қаласының әуежайындағы әуеайлақты қайта жаңарту. (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 224- ЖІЖ бұйрығы);</p> <p>3) "Қостанай қаласы әуежайының жасанды ұшу-қону жолағын қайта жаңарту" жөнінде жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу;</p> <p>4) Қызылорда қаласының "Қорқыт Ата" әуежайының ұшу-қону жолағын қайтадан жаңарту және сервистік және әуеайлақ арнаулы техникасымен қайта жарақтандыру жөнінде жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу.</p>	коммуникация министрлігі
--	--	--	---	--------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: жұмыс кестесіне сәйкес Ақтөбе қаласындағы әуежайдың аэровокзал кешенін қайта жаңарту - жалпы ауданы 7888 шаршы метр, соның ішінде қолданыстағы аэровокзал ауданы - 5000 шаршы метр және жаңадан жобаланған ауданы - 2888 шаршы метр; Шымкент қаласы әуежайында ұшу-қону жолағын қайта жаңарту - ЖҰҚЖ ұзақтығы 3300 метр, жасанды жамылғылар ауданы 376901,7 шаршы метр. Түпкі нәтиже: Қазақстанның транзит әлеуетін дамытуды қамтамасыз етуге, авиакомпаниялардың да және жолаушылардың да сапалы әуежайлық қызметтеріне өсіп отырған қажеттіліктерін қанағаттандыруға, әуежайлардың негізгі өндірістік қорларын қайта жаңарту және жаңарту есебінен ұшу қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз

етуге қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтық авиация әуежайларының желісін құру; Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы жолаушылар ағынын және жүк ағынын ұлғайту; отандық және шетелдік авиакомпаниялар орындайтын халықаралық та және ішкі де ұшулардың географиясын ұлғайту; Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық нормаларға жауап беретін жердегі инфрақұрылым деңгейін көтеру.

Уақтылығы: жұмыстар жүргізу кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНЖЕ) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының нормаларына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

175-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Азаматтардың жекелеген санаттарына жол жүру төлемдерінің ұсынылған жеңілдіктері бойынша өткен жылдардың міндеттемелері"

деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1192 мың теңге (бір миллион бір жүз тоқсан екі мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. № 1052

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : жеңілдік қызметтегі кәсіпорындардың несиелік берешегін өтеу .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз ету .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	008		Азаматтардың жекелеген санаттарына жол жүру төлемдерінің	Жеңілдік қызметтегі кәсіпорындардың несиелік берешегін өтеу, соның ішінде: 1) <i>(а л ы н ы п</i>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының

		ұсынылған жеңілдіктері бойынша өткен жылдардың міндеттемелері	тасталды - 2007.11.06. N1052) 2) ААҚ "Ертіс-Авиа"; 3) (алынып тасталды - 2007.07.13. N 597)	Көлік және коммуникация министрлігі
--	--	---	---	-------------------------------------

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :
Тікелей нәтиже: Жеңілдік қызмет көрсеткен кәсіпорындардың несиелік берешегін өтеу.

Түпкі нәтижесі: кәсіпорындардың жағдайларын жақсарту.
Уақтылығы: қаржыландыру жоспарына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
176-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Әлеуметтік маңызы бар облысаралық бағыттар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау"
деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 9430276 мың теңге (тоғыз миллиард төрт жүз отыз миллион екі жүз жетпіс алты мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 Қаулысымен.

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы" 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1185 қаулысы ; "Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік

стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 377 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасы тұрғындарының темір жол тасымалдарына қажеттіліктерін қанағаттандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын ұйымдастырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын жабу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдар лама коды	К і ш і бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	009		Әлеуметтік маңызы бар облысаралық бағыттар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпке сәйкес облысаралық және халықаралық қатынастарда жолаушы тасымалдарын жүзеге асырумен б а й л а н ы с т ы тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :
Тікелей нәтижесі: Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен әлеуметтік мәні бар облысаралық және халықаралық қатынастар бойынша жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру.

Соңғы нәтижесі: Қазақстан Республикасы тұрғындарының темір жол көлігімен тасымалдарға қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жолаушы тасымалдаушылардың шығындарын өтеуді және тұрғындардың темір жол көлігімен жүруге қол жеткізуін қамтамасыз ету.

У а қ т ы л ы ғ ы : ж ы л б о й ы .

Сапасы: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-І бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау ережесіне сәйкес жолаушыларға үздіксіз және қауіпсіз қызмет көрсету.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғы 1 5 ж е л т о қ с а н д а ғы

N 1 2 2 0 қ а у л ы с ы н а

177-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

"Көлік және коммуникация саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны : 108142 мың теңге (бір жүз сегіз миллион бір жүз қырық екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы ; "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығы ; " Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 сәуірдегі N 566 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2008 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 726 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы мемлекеттік көлік саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 801 қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 Қаулысы ; "Отандық, өңірлік және жаһандық нарықтардың қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулерді жүргізудің, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада республикада дамытылуы мүмкін тауарлар мен қызметтер өндірісін айқындаудың 2007-2008 жылдарға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 487 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : республиканың көлік магистралдары

бойынша транзиттік және экспорттық-импорттық тасымалдардың көлемін көбейту және тиімділігін арттыру үшін Қазақстанның транзит-көлік әлеуетін жетілдіру мен дамытуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық, экономикалық және қаржылық сипаттағы өзекті өзара байланысқан шаралардың кешенін белгілеу және іске асыру, сондай-ақ осы шараларды іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды нақтылау және оларды жүзеге асырудың орынды кезеңділігін белгілеу; автожол және автомобиль саласы қызметінің тиімділігін арттыру; темір жол көлігімен қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының тұрғындарына және экономика салаларына қызмет көрсету сапасын және тиімділігін жоғарылату; Қазақстан Республикасының экономика салаларына және халыққа автомобиль көлігімен қызметтер көрсету кезінде қызмет көрсетудің тиімділігі мен сапасын арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетінің қазіргі жай-күйін талдау, транзит-көлік әлеуетті дамыту бойынша негізгі бағыттар мен іс-шараларды пысықтау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру; қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу, халықаралық талаптарға сәйкес автожол және автомобиль саласындағы ұлттық нормативтік-техникалық құжаттарды пысықтау және жетілдіру; темір жол тасымалдарын орындау кезінде қызмет көрсету сапасын арттыру және тасымалдау қауіпсіздігін арттыру үшін қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу; қызмет көрсету сапасын арттыру үшін қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, автомобиль тасымалдарын орындау кезінде тасымалдау қауіпсіздігін және экологиялық қауіпсіздікті жоғарылату, автомобиль көлігі қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	010		Көлік және коммуникация саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	1. Автожол саласында 9 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, соның ішінде: 1) автомобиль жолдарын жобалау үшін табиғи жағдайлардағы есептік көрсеткіштер мен қызмет мерзімін нақтылау мақсатында жаңа материалдар мен технологияларды пайдалану арқылы салынған автомобиль жолдары учаскелерін зерттеу және сынау (мониторинг); 2) жарықтары бар жабындар бойынша асфальт-бетон жабынды жайғастыру кезінде анық білінетін жарықтарды болдырмаудың алдын алу және баяулату	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі

жөніндегі техникалық шешімдерді
әзірлеу;

3) республиканың климаттық ерекшеліктерін ескере отырып асфальт-бетонының реологиялық қасиеттерін зерттеу және Қазақстанның аумағын аудандастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлей отырып, республиканың әр түрлі аумақтары үшін асфальт-бетонның есептік температурасын негіздеу;

4) тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсына отырып автомобиль жолдарын салу мен қайта жаңартудың техника-экономикалық негіздемесін дайындаудың құрамы мен тәртібін реттейтін ғылыми-негізделген әдістеме дайындау;

5) темір-бетон және металл көпір құрылыстарын коррозиядан қорғау жөнінде оларды пайдаланудың

ғылыми-әдістемелік ұсынымдар даярлаумен қоса жаңа технологияларды әзірлеу;

6) жол саласы спецификасын ескере отырып және халықаралық шарттарға сәйкес жол-құрылыс жұмыстарының сметалық құнын анықтау бойынша ғылыми-техникалық негіздеме;

7) нормативтік-техникалық базаны үйлестіру мен жетілдіруді ескере отырып және халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы автожол саласында техникалық регламенттерді жетілдіру мен әзірлеу бойынша ғылыми зерттеулер;

8) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары учаскелерін қоршаған табиғи ортаның ластануына ықпал ету деңгейіне байланысты аумақтарға бөлу (жалғасатын тақырып);

9) қазақстанның климаттық жағдайына арналған автомобиль жолдарының жетілдірілген жамылғысының өңірлік құрылымдар цемент және органикалық емес өндіріс

қалдықтарын қолдану арқылы
ә з і р л е у .

2. Автомобиль көлігі саласында 8
тақырып бойынша қолданбалы
ғылыми зерттеулер жүргізу,
соның ішінде:

ауыспалы тақырыптар бойынша:

1) облысаралық қатынастарда
жолаушыларды тасымалдауды
диспетчерлік басқару мәселелерін
зерделеу және қала маңындағы,
қалааралық, облыс ішіндегі және
облысаралық қатынастардағы
қозғалыс кестесін келісу жүйесін
ә з і р л е у ;

2) автомобиль көлігін
акпараттандыру мәселесін зерттеу
және саладағы басқарудың
акпараттық жүйелерін дамыту
жолдарын әзірлеу;

3) автомобиль көлігінің
экологиялық қауіпсіздігін
арттырудың ғылыми негіздемесі
және АҚК-пен автоторлы
отынға қойылатын техникалық
талаптар саласындағы
халықаралық стандарттарды
ескеретін ғылыми негізделген
ұсынымдар әзірлеу;

4) ДСҰ-ға Қазақстанның кіруі
жағдайын да халықаралық
автомобиль тасымалы
рыногындағы отандық
операторлардың жай-күйін және
бәсекелестікке қабілеттігін
күшейту жолдарын зерттеу;
жаңа тақырыптар бойынша:

1) автокөлік шығындары
деңгейінің жолдардың техникалық
және көлік- пайдаланымдық
жай-күйіне экономикалық
тұрғыдан тәуелдігін зерттеу;

2) қазақстан өңірлері бойынша
автокөлік қызметі рыногының жай
- күйін зерттеу және
республикаішілік жүк автомобилі
тасымалының мониторингі
жүйесін құру жөнінде ұсынымдар
ә з і р л е у ;

3) жолаушылар мен жүктерді
тасымалдау жөніндегі автокөлік
қызметі сапасының деңгейін
бағалау зерттеулерін жүргізу,
ИСО халықаралық стандарттарын

ескере отырып көліктік қызмет көрсету сапасы стандарттарының бірыңғай жүйесін құру жөнінде ғылыми-негізделген ұсынымдар әзірлеу;

4) ортамерзімді және ұзақмерзімді перспективада Қазақстан өңірлері бойынша автокөлік қызметі рыногында тасымалдарға деген қажеттілікті зерттеу және автотасымалдарға деген қажеттіліктерді қанағаттандыру жөніндегі іс-шаралардың негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу.

3. Транзит әлеуеті саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу:

жалғасып отырған 1 тақырып бойынша:

1) көліктік құрауыштың қалыптасу шарттарына ғылыми зерттеулер жүргізу және отандық тауарлар бағасында және жалпы ішкі өнімде (ЖІӨ) оның бәсекелестігін қамтамасыз ету үшін көліктік құрауышты төмендету жөнінде ғылыми ұсыныстар әзірлеу;

жаңа 4 тақырып бойынша:

2) мультимодальды тасымалдау желісінің жұмыс істеу жағдайларына ғылыми зерттеулер жүргізу және оның дамуына ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу;

3) БЭК шеңберінде көлік жүйесінің өңірлік интеграциялануын ғылыми негіздеуді жүргізу және оны одан әрі дамытуға ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу;

4) СПЕКА Көлік және шекарадан кесіп өту - КШӨ - ЖЖТ мысалында көлік секторының өңірлік ақпараттық дерекқорын құрудың ғылыми зерттеулерін жүргізу және ғылыми негіздерін әзірлеу;

5) Еуропа - Кавказ - Азия (ТРАСЕКА) халықаралық көлік дәлізі шеңберінде көлік ынтымақтастығын жетілдіру жөніндегі ғылыми зерттеулер

			<p>жүргізу және ғылыми негізделген іс-шараларды әзірлеу және оның тиімділігін арттыру. Ғылыми зерттеулер тақырыптарына және ғылыми-зерттеу жұмыстарының есептемелеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу.</p> <p>4. 2 тақырып бойынша темір жол көлігі саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, соның ішінде:</p> <p>1) темір жол көлігімен мұнай құю жүктерді тасымалдау перспективаларын зерттеу;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының темір жолдарындағы жолаушылар поездарының үдемелі қозғалысын дамыту перспективаларын зерттеу.</p> <p>5. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.</p>	
--	--	--	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: автожол саласында 9 тақырып бойынша, автомобиль көлігі саласында 8 тақырып бойынша, транзит әлеуеті саласында 5 тақырып бойынша және 2 тақырып бойынша темір жол көлігі саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Түпкі нәтиже: көлік секторының транзиттік мүмкіндіктерін анықтау, ғылыми зерттеулер нәтижелерін қорытындылау, транзит-көлік әлеуетін одан әрі дамыту үшін ұсыныстар әзірлеу, мультимодальды тасымалдаудың мүмкіндіктерін және даму жолдарын анықтау, көліктік құрауышты төмендету, тасымалдаудың өзіндік құнын төмендету, ішкі және сыртқы рыноктарда отандық тауарлардың бәсекелестігін жоғарылату жөнінде ұсыныстар; жол жұмыстарының құнын төмендету және автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту және пайдалану сапасын арттыру; темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау көлемін арттыру жөнінде іс-шаралар дайындау; автокөлікпен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау көлемін 1,7 пайызға арттыру, автомобильдерді пайдалану кезінде зиянды газдардың шығарылуын 2-3 пайызға төмендету; халықаралық тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдарының санын 5-10 пайызға арттыру. Қаржы-экономикалық нәтиже: бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізудің орташа құны 4 506 мың теңге. Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес бір жылдың ішінде. Сапасы: көлікті одан әрі оңтайлы дамыту және шекараны кесіп өтуді оңайлату, сондай-ақ Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамыту, соның ішінде

транзиттік тасымалдардың мультимодальды және интермодальды жүйелерінің тетіктерін енгізу жөнінде бес ғылыми негізделген ұсыныс әзірлеу. Орындалған жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Ғылыми-сараптау кеңесінің қорытындысымен анықталады; жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автомобиль жолдарының және жасанды құрылыстардың ұзақтығын және сенімділігін арттыру; қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жолаушылар мен жүктер тасымалының сапасын арттыруға ықпал етеді; қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жолаушыларды және жүктерді тасымалдау сапасын арттыруға ықпал етеді, бұл автомобиль тасымалдарының табыстылығын 3,2 пайызға және пайдалылығын 2,4 пайызға арттыруға және автомобиль санын 3,7 пайызға көбейтуге септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

178-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Темір жол саласының стандарттарын әзірлеу"

деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 65077 мың теңге (алпыс бес миллион жетпіс жеті мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. № 1052

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : темір жол көлігі кәсіпорындары көрсететін қызметтер сапасын арттыру үшін жағдай жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : темір жол көлігі саласындағы стандарттау жөніндегі стандарттар мен нормативтік құ ж а т т а р к е ш е н і н ж а с а у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	011				Жыл бойы	

		Темір жол саласының стандарттарын әзірлеу	100 стандартты әзірлеу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі
--	--	---	--	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: темір жол саласының 100 стандартын әзірлеу және бекіту. Соңғы нәтиже: жүк жөнелтушілерге, жолаушыларға және темір жол көлігі кәсіпорындарының қызметін пайдаланатын басқа да пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Қаржы-экономикалық нәтиже: бір стандартты әзірлеуге арналған орташа шығындар 657,38 мың теңгені құрайды. У а қ т ы л ы ғ ы : ж ы л б о ы ы .

Сапасы: МемСТ талаптарына сәйкес болу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
179-ҚОСЫМША

215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеуден өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"

деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 6 000 000 мың теңге (алты миллиард теңге).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : » "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз жүруін қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : облыстық және райондық маңызы бар автокөлік жолдарының учаскелерін күрделі жөндеу

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	012		Облыстық бюджеттерге облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеуден өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	Автожолдарды, көпірлерді және құрылыстарды, белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жүргізуге арналған мақсаттық трансферттерді аудару.	жыл бойы	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, облыстардың әкімдері

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтижесі: облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында 222 км. жол-құрылыс жұмыстарын жүргізу.

Соңғы нәтижесі: облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары желісінің жай-күйін жақсарту.

Уақтылығы: жұмыс жүргізу кестесіне және жасалған келісім-шарттарға сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНЖЕ) сәйкес.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына

180-ҚОСЫМША

215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Ішкі суларда жүзетін "өзен-теңіз" кемелерін жіктеуді және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету"

деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 44 057 мың теңге (қырық төрт миллион елу жеті мың теңге).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасының тіркелімі " мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : ішкі суда жүзу кемелерінің және "өзен-теңізде" жүзу кемелерінің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Тиесілігі мен меншік түріне қарамастан, ішкі су жолдарында пайдалануға арналған, ішкі суда жүзу кемелерін және "өзен-теңізде" жүзу кемелерін жіктеу және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	014		Ішкі суларда жүзетін "өзен-теңіз" кемелерін жіктеуді және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Кемелердің техникалық жай-күйін бақылау үшін штат саны 22 адам "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесін күтіп-ұстау және мемлекеттік мекеме жұмысының жоспарына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік кодексін іске асыру аясында жобаларды әзірлеу: "өзен-теңіз" суларында жүзетін ішкі және аралас кемелерді жіктеу туралы ереже; пайдалану кезінде кемелерді куәландыру ережелері; кемелерді салуды, пайдалануды, жөндеуді және материалдар мен бұйымдарды жасап шығаруды техникалық қадағалау ережелері; ішкі суда жүзетін кемелерді жіктеу мен салу ережелері; аралас жүзу кемелерін жіктеу мен салу ережелері; кемелердің экологиялық қауіпсіздігі ережелері	Жыл бойы	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: 22 адам штат санын күтіп-ұстау; шамамен 400 бірлік кемелерді жіктеу және куәландыру; шетелге мамандардың шығуымен бірге шетелдік техникалық қадағалау және сыныптау органдарымен ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Түпкі нәтиже: кеме қатынасы процесіне қатысатын кемелердің және басқа да инженерлік құрылыстардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасының тіркелімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын

жақсарту, 1 кемеге жіктеу мен куәландыру жүргізу үшін орташа шығындар шамамен 83,8 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: белгіленген мерзімде кемелерді, басқа құрылыстар мен объектілерді техникалық куәландыруды жүргізу.

Сапасы: Ішкі суларда жүзетін және "өзен-теңізде" жүзетін кемелердің авариясыз жұмыс істеуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

181-ҚОСЫМША

215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Көліктік дерекқор және тасымалдар қауіпсіздігі серпіні

мониторингінің ақпараттық талдау жүйесін құру"

деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 172503 мың теңге (бір жүз жетпіс екі миллион бес жүз үш мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. № 1052

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2003 жылғы 7 қаңтар ;

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2003 жылғы 8 мамырдағы; "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 633 қаулысы ;

"Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 мамырдағы № 377 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : транзиттік дәліздерге түсетін жүктемені болжау және басқармалық шешімдерді қолдау мақсатын іске асыратын көліктік дерекқор және тасымалдар қауіпсіздігі серпіні мониторингінің ақпараттық талдау жүйесін құру .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : көліктің барлық түрлерімен тасымалдау бойынша деректер қорын жинау, өңдеу және сақтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
